

Цифрлық трансформацияның арқасында болашақ тәрбиешілер тек теориялық білімді ғана емес, тәжірибелік дағдыларды да меңгеруіне жол ашады. Цифрлық құралдардың қолданылуы оқу үдерісінің инклюзивті болуын қамтамасыз етін, білім алушылардың әртүрлі қажеттіліктеріне жауап береді. Көрін жүргеніміздей, цифрлық технологиялар арқылы білім алу процесі уақыттың және кеңістіктің шекараларын кеңейтеді, бұл өз кезегінде тәрбиешілерге ұлттық мәдениетке қатысты жаңа ақпараттарды дер кезінде әрі тиімді меңгеруге мүмкіндік береді. Жаңа әдіс-тәсілдер мен цифрлық жобаларды қолдану болашақ тәрбиешілердің шығармашылық ойлау қабілетін арттырып, оларды ұлттық тәрбие жүйесінде инновациялық әдістерді қолдануға баулиды. Оқу үдерісіне цифрлық құралдарды енгізу олардың сыни ойлау қабілетін дамытып, өзіндік пікір қалыптастыруға мүмкіндік береді. Осы артықшылықтарды нақты оқу тәжірибесінде қолдану үшін әдістемелік тұрғыдан жүйелі тәсілдер қажет. Біріншіден, этнопедагогика курстары қазіргі білім беру платформаларында (Moodle, Google Classroom) жүргізіліп, оқу процесі онлайн және офлайн форматтарда тиімді ұйымдастырылуы тиіс. Екіншіден, интерактивті сабақ үлгілері мен жобалық оқыту элементтері, мысалы, «Қазақтың отбасы тәрбиесі» немесе «Ұлттық ойындардың тәрбиелік мәні» тақырыптарында онлайн квест, бейнесабақ, викторина немесе ұжымдық презентациялар ұйымдастыру ұсынылады. Үшіншіден, болашақ тәрбиешілердің цифрлық сауаттылығын дамыту мақсатында оларды интерактивті ертегі құрастыру, мультимедиялық контент жасау, ұлттық тақырыптағы мобильді қосымшалармен жұмыс істеуге үйрету маңызды. Осы әдістер арқылы болашақ мамандар этнопедагогикалық құндылықтарды заманауи технологиялармен ұштастырып, оны мектепке дейінгі тәрбие үдерісіне тиімді енгізе алады.

Тұжырымдай келе айтқанда, бүгінгі болашақ тәрбиеші-педагогтың ішкі әлемі бай, ұлттық мәдениетке деген сүйіспеншілігі мол, рухани дамыған және цифрлық трансформация үдерісінде еркін бағдар ұстай алатын тұлға болуы қажет. Осы қасиеттерімен ол мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде, этнопедагогиканың практика алаңында өзінің кәсіби мәдениеті мен педагогикалық шеберлігін көрсетуге мүмкіндік алып қана қоймай, өзінің ұлттық тұлғалық санасы мен мәдениетін қалыптастырады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319. – 5 б.
2. Федорова С.Н. Формирование этнокультурной компетентности будущих педагогов: Автореферат д-ра пед. наук. – М., 2006 – 34 с.
3. Коновалова Л.В. Учитель в многонациональном регионе: Программа спецкурса и методические рекомендации для студентов и молодых педагогов. – Ставрополь: Изд-во СГУ, 2000 – 12 с.
4. Кукушин В.С. Этнопедагогика и этнопсихология: учебник для студентов / В.С. Кукушин, Л.Д. Столяренко. – Ростов-на-Дону: Феникс, 2000 – 8 с.
5. Поштарева Т.Н. Формирование этнокультурной компетентности // Педагогика. – 2005 – № 3 – С. 35-42.
6. Кожаметова К.Ж. Развитие этнопедагогики как науки и учебной дисциплины за годы независимости Казахстана. // Вестник КазНУ. Серия «Педагогические науки». – 2011. – №3 (34). – С. 30-35.

ӘОЖ 371.31

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШАРТТАР - БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ НЕГІЗІ

Бердібай С.Е., Ишанов П.З.

Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан

Бүгінгі таңда бастауыш мектеп білім беруді дамытудың негізгі бағыты бастауыш мектеп оқушысы дамуына қажетті кеңістікті жасауға және бастауыш мектеп оқушысының жеке дамуы үдерісіне кешенді жетекшілік етуге жағдай туғызумен байланысты болып отыр. Бастауыш мектеп оқушысының өмір сүріп отырған әлеуметтік ортада өзін-өзі тануына, дамуына, сол ортада жағымды

мінез-құлық мәдениетін қалыптастыруда сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыруды бағытталған жүйелі жұмыстың алғашқы көшін бастаушы мектеп кезеңде бастау керектігі белгілі.

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. «Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты: жалпыадамзаттық және құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу болып анықталған [1].

Бастаушы мектеп кезеңде бастаушы мектеп оқушысының психикалық және тұлғалық қасиеттері дамиды, іс-әрекеттің түрлі де кең спектрін белсенді түрде игере бастайды. Дәл осы шақта бастаушы мектеп оқушысының өзіндік санасы мен өзінің іс-әрекетіне баға беру қабілеті қалыптасады, алғашқы әлеуметтену кезеңінің есігі ашылып, бастаушы мектеп оқушысы мәдениет әлеміне, жалпы адами құндылықтарға, адамдар әлемімен, заттармен, табиғатпен және өзінің ішкі әлемімен қарапайым қатынастар орнатады.

Белгілі бір іс-әрекетке қатыса отырып, бастаушы мектеп оқушысы жас ерекшелігіне сәйкес білімді, біліктер мен дағдыларды игеріп, өз мінезінің ерекшелігін байқатады, психика мен мінез - құлқының жеке жақтарын дамытады.

Бастаушы мектеп кезеңіндегі жас шағы дамудың бір-бірінен біршама өзгеше кезеңдерін қамтиды. Бастаушы мектеп бастаушы мектеп оқушысылық шақтың әрбір кезеңі психофизиологиялық дамудың өзіне тән ерекшеліктерімен, ал әрбір бастаушы мектеп оқушысы тек өздеріне ғана тән жеке ерекшеліктерімен сипатталады.

«Мәдениет» («іс-әрекеттің») жан-жақты сипаттамасы ретінде әлеуметтік-гумандық бағдар ұсынады және кез-келген іс-әрекет бағытын, оның құнды психологиялық ерекшеліктері мен нәтижелерін анықтайды. Мәдениетті игере отырып, жас бүлдіршіннің рухани мазмұнын, яғни мінез - құлық көзқарастарын қалыптастырып, өзін-өзі басқару мен өзін-өзі сипаттау белгілерін, эстетикалық талғамдарын игереді.

Мәдениет – адамдардың бірлесе ғылыми моральдық-әлеуметтік, көркем және техникалық құндылықтар жасаудағы қарым-қатынастар жиынтығы болып табылады. Мәдениеттің мәні адамның өзіндік еңбегіне байланысты туындайтын өнім деуге де болады.

Мәдениет ұғымын ғылыми тұрғыда алғаш рет философтар анықтап, мәдениет сөзі «құрмет тұту, сыйлау, құрметтеу, табынушылық» деген мағына бере отырып білімсіз және тәрбиесіз адам еш уақытта мәдениетті бола алмайды, білім мен тәрбие мәдениеттің қайнар бұлағы деп көрсетеді [2].

Ұлы неміс философы И.Кант мәдениет тек адамға ғана тән қабілет деп қарастырып, адам бойындағы қайырымдылық пен ізгілік қасиеттерді басты орынға қояды. Канттың айтуынша «мәдениет» бостандыққа баратын жол деп қарастырады.

М.С.Каган еңбектерінде мәдениетті ұғымы оның тұтастығы мен жинақтылығында екені, оны жүзеге асырудың нақты түрлерімен қоса айтылады. Мұндай жанасу жеке тұлға мәдениетінің қалыптасу ерекшеліктері, мінез - құлық мәдениетінің қалыптасу мәселелерін айқындайды.

Психолог З.Фрейд мәдениет – «жеке адам психикасының қоғамдық экранындағы көрінісі», жеке тұлғаның өміріндегі өмірлік тәжірибе мен жинаған білімін қамтып, адам бастаушы мектеп оқушысының қарым-қатынасын бір тәртіпке келтіретінін қарастырған.

Социологтар Т.С.Элиот, К.Леви-Строс және т.б. мәдениет ұғымына кең тұрғыда талдап қарастырған.

Т.С.Элиот «мәдениет дегеніміз – белгілі бір жерді мекендейтін халықтың тұрмыс тіршілігі» деп, мәдениеттің нышандарын сол халықтың өнерінен, әлеуметтік жүйесінен, дінінен, салт-дәстүрлері мен қалыптасқан дағдылар деп қарастырған.

Жеке тұлға өзінің іс-әрекетінде мәдениетті игеруі оның түрлі ортада өмір сүретін адамдар бірдей қажеттіліктерге ұмтылады.

Сонымен мәдениет – жеке тұлғаның табиғи және әлеуметтік қасиеттерін біріктіріп, мәдениетті өмір жасаушы тұлға болып табылады.

Мәдениетті адам – ұлттық сана сезімі оянған (ана тілін, төл мәдениетін, тарихын, ата дәстүрін игерген) рухани бийік, имандылық, табиғилық, еңбекқорлық және т.б. ізгі қасиеттерге тән адам.

Қазіргі ғылыми педагогикалық еңбектерді алсақ оқушыларының тәрбиесі басты мәселе болып, ондағы бастаушы мектеп оқушысының қалыптастыруда сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыруда ұлттық мәселелер көп қарастырылған. Мәселен С.Ұзақбаева, С.Қалиев және т.б. ғалымдардың жұмысында бастаушы мектеп оқушысы мен отбасы тәрбиесіндегі мәдениет мәселесі көрсетілген.

Бастаушы мектеп оқушыларының мінез-құлқын қалыптастыруда сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастырудың мазмұны:

- «мораль», «мінез - құлық» ұғымдарындағы мәдениеттілік;
- жеке бастың ғиғиенасы, тазалық мәдениеттілігі;
- сыпайылық пен сөйлеу мәдениеті;
- қоғамдық орындар мен ұйымдардағы мәдениеттілік;
- көшеде, жол көліктеріндегі мәдениеттілік;
- қонақтағы, қонақ күтудегі мәдениеттілік.

Ийна Аасама мінез-құлық мәдениетіне мынандай анықтама береді: адамзат қоғамы мәдениетінің ажырамас құрамдас бөлігі, оның негізінде қоғамда үстем болып отырған, адамның мінез-құлық нормаларын айқындайтын мораль жатыр. Мораль қоғамдық сана формаларының бірі болып табылады деп көрсетеді.

«Мораль» - «адамның түпкілікті ажыралып тұратын сипаттамасы», «адам мен қоғам арасындағы байланыс құралы, жекелік және қоғамдық мүдделерді сәйкестендіретін, адамдардың өзара қатынасын басқаратын мәдени-элеуметтік механизмнің бірі» табылады деп Б.Диденко көрсетеді.

Мінез - құлық моральдың мінез-құлықтық тарапы болып, яғни кең мағынадағы «мораль» ұғымы құрамында «мінез - құлық» ұғымы да енеді.

Мораль дегеніміз – адамдардың бір біріне деген міндеттері мен қарым- қатынасын айқындайтын мінез-құлық нормалары мен ережелерінің жиынтығы. «Мораль» латын тілінде «мінез - құлық» ұғымын білдіреді. Моральдық принциптер мінез - құлықтың мазмұнын жалпы түрде анықтайды.

«Мінез - құлық – адам бойындағы гуманистік құндылық, әдеп ұғымы». Адамның моральдық бейнесі, психикасы оның іс-әрекеті үстінде дамиды, ал іс-қимылдың алғашқы іргетасы бастауыш мектеп оқушысылық кезде қалыптасады.

Бастауыш мектеп оқушыларының (6-9 жас) қоғамдық және отбасы тәрбиесінің қолайлы жағдайларында құрбыларына, сынып жетекшіне, мектеп ұжымына деген сезімі анық байқалады. Бастауыш мектеп оқушысылар айналадағыларға ізетпен қарайды, мейірімді де сезімтал, үлкендердің ескертпелеріне зейінді, оларға қатты толғаныспен қарауға бейім оңай араласып кетеді. Өздерінің қылықтарын мадақтауды қуанышпен қабылдап, әлі де жақсырақ қылықтар істеуге дайындықтарын білдіреді.

Бастауыш мектеп оқушыларының мінез-құлық мәдениетін жұмыстарда қалыптастыруда сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру мен қалыптастыру процесі әр түрлі әрекеттер – оқу, еңбек ету, ойнау арқылы өтеді.

Бастауыш мектеп оқушыларының сынып жетекші оқу жылының басталысымен оларды мінез - құлық мәдениетін қалыптастыруда сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру дәрежесін есепке алады. Алғашқы күндерден бастап өз ойында күдік тудырып жүрген бастауыш мектеп оқушыларымен қандай жұмыс жүргізу керек екендігін, бастауыш мектеп оқушысылар сезімін тереңдете түсіп, өзге адамзатпен қарым-қатынаста ерекше көзге түсетін мейірімділік қасиетін дамыту қажет. Мінез-құлық нормалары мен ережелері сай істеу; қарама-қарсы мінез-құлық көрсететін бастауыш мектеп оқушысыларды қалай қалыптастыруда сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру керектігі жөнінде сынып жетекшілердің талқылағаны жөн. Бұл оқушыларының мінез-құлық дағдылары мен әдеттерін үлкендерге құрметпен қарауды, достық өзара қарым-қатынас пен ұжымшылдық бастамасын, мейірімділік, достық, шыншылдық, адалдық, сипаттылық жөніндегі,

Отанымыз пен еңбек адамдары жөніндегі моральдық түсініктерін қалыптастыруға тәрбиеге дифференциалды, дара тәсілді жүзеге асыруға көмектеседі, заттарға ұқыптылықпен қарауға қалыптастыруда сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыруда де көмегін тигізеді.

«Адамның іс-әрекеті мен мінез-құлқынан да әдемілік, сұлулық көрініс таппайынша, мінез - құлық парасат тәрбиесі көздеген мұратына жете алмайды» - деп жазады Ғ.Дүкенбаева бастауыш мектеп оқушысыларды мінез - құлық мәдениетін қалыптастыруда сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру еңбегінде [3].

Бастауыш мектеп оқушысыларды саналы және мәдениетті етіп қалыптастыруда сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыруда маңызды психологиялық жағдай – бастауыш мектеп оқушысының жақсы эмоциялық күйде болуы, бұлшық еті мен жан дүниесін, өзін- өзі қолайлы сезінуі. Көпшілік жағдайда қоршаған ортадағы қарым-қатынас стиліне, мектептегі және отбасындағы жағдайларға байланысты.

Жалпы «шарт» термині философияда – заттың айнала қоршаған құбылыстарға қатынасын және оның оларсыз өмір сүре алмайтындығын айқындайтын философиялық категория ретінде сипатталады. Шарт – айнала қоршаған құбылыстардың өмір сүруін қажет ететін объектілер кешенінің маңызды компоненті. Осыған сәйкес «шарт» терминін заттың, құбылыстың пайда болуы мен мүмкіндігін және оның ары қарай өмір сүруі мен дамуын қамтамасыз ететін жағдай, орта, хал

ахуал екендігін анықтауға болады. «Педагогикалық шарт» ұғымына анықтама бергендер қатарынан А.М. Сембаева, Ә.Т. Өтебаеваны және т.б. атауға болады.

А.М. Сембаева «Педагогикалық шарт дегеніміз – тұлғаның жан-жақты дамуына, тәрбиесіне, қалыптасуына ықпалдық ететін білім беру үдерісіндегі жағдайлар» деген анықтама береді [4].

Ә.Т. Өтебаеваның зерттеуінде педагогикалық шарттар – қалыптастыру үшін бағытталған сынып жетекшінің, ата-аналар мен әлеуметтік ортаның тарапынан жасалған жағымды жағдайлар [5].

Біз педагогикалық шарттарды оқушыларының мінез-құлық мәдениетін қалыптастыру мақсатына бағытталған, өзара байланыста жүзеге асатын жағдайлар жиынтығы деп тұжырымдадық. Соған сәйкес, коммуникативтік біліктерді қалыптастыру тәсілдерін, формаларын, құралдарын жүзеге асырушы педагогикалық шарттарды төмендегідей анықтадық:

Біз педагогикалық шарттарды бастауыш сынып оқушыларының мінез-құлық мәдениетін қалыптастыру мақсатына бағытталған, ынтымақтаста жүзеге асатын жағдайлар кешені деп анықтадық.

1. Бастауыш сынып оқушыларын жағымды мінез- құлыққа ынталандыру, яғни балалардың мінез-құлық нормаларын игеру үшін қажетті танымдық үдерістерін дамыта отырып, өзге оқушыларға деген жағымды көзқарастарын, толеранттылықтарын қалыптастыруға мүмкіндік беретін ынталандыру шараларын жүзеге асыру.

2. Бастауыш сынып оқушыларын өзара бірлескен іс-әрекетке баулу, яғни балалардың ұжым ішіндегі өз орнын сезінуіне мүмкіндік туғыза отырып, ұжым үшін ортақ іс-әрекетті орындауға жауапкершіліктерін, достық қатынастарын, тұлғалық ерекшеліктерін дамытуға жағдай жасау.

3. Сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру арқылы бастауыш сынып оқушыларының мінез-құлық мәдениетін қалыптастыру үдерісінде тұлғаға бағдарланған тұғырды қолдану, яғни балалар арасындағы тұлғалық, субъект-субъектілік қатынастарды орнатуға, бастауыш сынып оқушысының жеке тұлғалық ерекшелігін ескере отырып, ортада өз ойын еркін жеткізуге жағдай тұғызу.

Біздің ойымызша, ұсынылып отырған педагогикалық шарттар бастауыш мектеп оқушыларының мінез-құлық мәдениетін қалыптастыруда сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыруда ұйымдастырылған жұмыстардың мазмұнын және әдістемесін жасауға және әдістерін таңдауға негіз болады.

Педагогикалық шарттарды бастауыш мектеп оқушысының қалыптастыруда сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастырушы барлық үлкен адамдар бірлікте жұмыс істей отырып, жүзеге асыруы тиіс. Сондықтан, бастауыш сынып оқушыларының мінез-құлық мәдениетін қалыптастыру бойынша қалыптастырушы эксперименттің басы сынып жетекшілер мен ата-аналардың қажетті теориялық дайындығын және педагогикалық іс-әрекетті ұйымдастыру қажеттігін талап етеді.

Бастауыш мектеп оқушысылар жана әдет-дағдыларды, мінез-құлықтың мәдениеттілігін еңбек үстінде, басқаларға еліктегенде, іскер бастауыш мектеп оқушыларымен бірлесіп еңбектену кезінде игереді. Сонымен ұйымдастырылған жұмыстар, яғни бастауыш мектеп оқушыларымен бірге өткізілген іс-шарлар, шығармашылық ойында, еңбек тәрбиесінде оқушыларының әлеуметтік сана сезімі қалыптасады, мінез-құлық қасиеттері дамиды, өзара қарым-қатынастары қалыптасады.

Зерттеу жұмысымызда ғылыми еңбектерді зерттей келе ұйымдастырылатын тәрбие жұмысының жоспарын жасауда жұмыстардың құрылымдық үлгісін және оған қойылатын әдістемелік, педагогикалық тұрғыдағы талаптарды көрсетіп жасадық. Ұйымдастырылған тәрбие жұмысы бастауыш мектеп оқушысының жас мөлшеріне, психологиялық ерекшеліктеріне, білім деңгейіне сай белгіленуге тиіс.

Біз зерттеу барысында тақырыпқа сәйкес тәжірибелік-эксперимент жұмысының жүйесі мен мазмұнын, негізгі жолдары мен нәтижелерін сипаттап, салыстырмалы түрде дәлелдеп, жинақтадық. Бастауыш мектеп оқушыларының мінез-құлық мәдениетін қалыптастыруда сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастырудың жолдары мен тәжірибелік-эксперимент жұмыстарының нәтижелі қорытындысын шығарып, әдістемелік ұсыныстар жасауды қарастырамыз.

Осы мәселені оңтайлы шешу мақсанда айтарымыз, тәрбие бағытындағы жүргізілетін жұмыстар бастауыш мектеп оқушыларының жас шамасына сай болуы талап етілсе, танымдық және тәрбиелік мазмұны терең әрі қызықты ұйымдастырылуы тиіс. Ол үшін сынып жетекші тәрбие жұмыстарын жоспарлаған кезден бастап, бастауыш мектеп оқушысыларға қоғам тарапынан қойылатын талаптарды, өмірде өз орнын адаспай табу үшін, қандай қасиеттерді бойына сіңіріп меңгеруі қажет деген сауалды жадында ұстап, олардың мінез-құлықтың мәдениеттілігінің ерекшеліктерін ескергені абзал. Мәдени мінез-құлықты қалыптастырудағы негізгі педагогикалық шарттардың бірі – оқушыларының жас шамасы мен олардың түсіну қабілеттерін ескере отырып, тәрбие процесінің сабақтастығын сақтау болып табылады.

Тәрбие жұмысы бастауыш мектеп оқушыларымен дұрыс қарым-қатынас орнатудан басталады. Бастауыш мектеп оқушыларының тиімді мінез-құлық тәжірибесін жинақтауы үшін ең қызықты деген шаралар санының да оларға бастауыш мектеп оқушысыларды қатыстырудың дәрежесі де ешқандай рөл атқармайды. Ең бастысы – сынып жетекші мен оқушыларының өзара қарым-қатынас стилі, ал мұның өзі бастауыш мектеп оқушысыларға деген ақылға сыйымды, талапқа сай сүйіспеншілікке, бастауыш мектеп оқушысыларға деген терең құрметке негізделуі тиіс. Бастауыш мектеп оқушысының саналы тәртіпке және мінез-құлықтың мәдениетіне қалыптастыруда сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастырудың маңызды шарты және құралы – сынып жетекшілердің және бастауыш мектеп оқушыларының өзара қарым-қатынасының дұрыс болуы деп негіздейміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы // Қазақстан Республикасының оқу-ағарту министрлігінің №194 бұйрығы, 30.07.2024.- Астана, 2024.
2. Урунтаева Г.А. Бастауыш мектеп ұйымдарда қалыптастыруда сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру мен білім берудің инновациялық іс-әрекеттерін қалыптастыру жолдары. – Өскемен: «Медия-Альянс», 2007. – 293 б.
3. Дүкенбаева Ф. Бастауыш мектеп оқушысыларды ойын арқылы мінез - құлық мәдениетін қалыптастыруда сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру: Әдістемелік құрал. -Алматы: Рауан, 1992.-35б.
4. Сембаева А.М. Педагогические условия формирования самооценки учащихся начальных классов: автореферат ... кандидата педагогических наук. – Алматы, 2006. – С. 25.
5. Өтебаева Ә.Т. Ауыл мектебі бастауыш мектеп оқушысыларын рухани мінез - құлық мәдениетін қалыптастыруда сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастырудың педагогикалық шарттары: педагогика ғылымдарының кандидаты ... авторефераты. – Алматы, 2007.

ӘОЖ:378.015

ЦИФРЛЫҚ ДӘУІРДЕГІ ҰЛТТЫҚ БОЛМЫС: ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ЫҚПАЛЫ

Бисембаева А.Ж.¹, Мухамбетова А.Ж.²

¹№61 жалпы білім беретін орта мектебі, Ақтөбе, Қазақстан

²Мәлік Ғабдуллин атындағы №70 жалпы білім беретін орта мектебі, Ақтөбе, Қазақстан

Қазіргі жаһандану дәуірінде ұлттық құндылықтарды сақтау мен дамыту маңызды мәселелердің бірі болып отыр. Заманауи интеллект, оның ішінде жасанды интеллект (ЖИ) және цифрлық технологиялар, осы құндылықтарды жаңа деңгейге көтерін, жас ұрпаққа жеткізудің тиімді жолдарын ұсынады.

Цифрлық дәуір – бұл технологиялық жетістіктер мен ақпараттық коммуникацияның жылдам дамуы кезеңі, мұнда жасанды интеллект (ЖИ) маңызды рөл атқарады. ЖИ ұлттық болмыстың қалыптасуына, мәдениет пен дәстүрдің дамуында жаңа көзқарас ұсынады. Бұл мақалада цифрлық дәуірдің ұлттық болмысты қалай өзгертетіні, сондай-ақ ЖИ-дің мәдениет, білім, экономика және әлеуметтік өмірге әсері қарастырылады.

Қазіргі кезде жасанды интеллект оқыту мен қабылдау сияқты жалпылама бағыттармен қатар шахмат ойнау, математикалық теорияларды дәлелдеу, поэтикалық шығармалар жазу, қозғалысы жоғары және жылдам көшелерде автомобиль жүргізу, ауруды дәл анықтау сияқты ғылымның нақты бағыттарын қамтиды. Жасанды интеллект саласы кез келген интеллектуалды мәселені қамтиды және ғылымның нағыз әмбебап саласы болып саналады [1].

Цифрлық дәуір ақпараттың енгізілуі, сақталуы және таратылуы бойынша жаңа мүмкіндіктерді ашады. Бұл кезеңде интернет, мобильді технологиялар және үлкен деректер ұлттық мәдениет пен әлеуметтану салаларында терең өзгерістер енгізді. Цифрлық кестенің көмегімен адамдар бір-бірімен еркін байланысқа шығып, өз мәдениетінің ерекшеліктерін танытуға мүмкіндіктер алды.

ЖИ-дің ұлттық болмысқа әсері бірнеше негізгі аспектілерден тұрады. Алдымен, ЖИ мәдениетаралық диалогты дамытуға ықпал етеді. Жиі жанартылатын тілдік модельдер, аударма жүйелері мен мәдениет таныстыру бағдарламалары ұлттық шекараларды бұзып, әлемдік деңгейде